

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 2 ақпандағы № ДС-41 хатқа

Құрметті депутаттар!

Синтетикалық және басқа да есірткі түрлерінің таралуына қарсы іс-қимыл мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру үшін және есірткіге байланысты қалыптасып отырған ахуалды ескере отырып, уәкілетті мемлекеттік органдар есірткі қылмысына қарсы күрес және нашақорлықтың профилактикасы бойынша ұйымдастырушылық және практикалық шаралар кешенін қабылдауда.

Есірткіге қарсы заңнаманы жетілдіру шеңберінде мыналар іске асырылды:

Үкіметке бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізімін бекіту жөніндегі құзырет берілді;

есірткі және психотроптық заттардың химиялық формулаларында «текстестер» және «құрылымдық элементтерді алмастырушылар» ұғымдары енгізілді;

есірткіні тұтынуға және Интернет арқылы өткізуге көндіру ауыр және аса ауыр қылмыстар санаттарына жатқызылды;

Қылмыстық кодекске қылмыстың жаңа құрамы – есірткіні жарнамалау және насихаттау енгізілді, оған «граффити-суреттерді» және есірткінің заңсыз айналымы туралы өзге де ақпаратты тарату жатқызылды;

криминалдық мөлшерін едәуір төмендету арқылы (50 грамнан 1 грамға дейін) синтетикалық есірткілер заттардың ауыр түрлеріне теңестірілді, сол мөлшерден өткізу мақсатынсыз сақталған жағдайда, қылмыстық жауапкершілік туындайды.

Қабылданып жатқан шаралар есірткіге қарсы қызметтің барлық дерлік бағыттары бойынша құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар жұмысының нәтижелілігін жақсартуға ықпал етті.

Мәселен, 2023 жылы есірткіге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау 8 %-ға (6900-ден 7520-ға дейін), оның ішінде есірткіге қатысты қылмыстарды анықтау – 12 %-ға (2781-ден 3164-ке дейін), оның ішінде,

өткізу фактілерін – 11 %-ға (1659-дан 1883-ке дейін), олардың контрабандасын анықтау 31 %-ға (233-тен 338-ге дейін) өсті.

Тәркіленген есірткінің көлемі 2,5 есеге (15,9 тоннадан 41 тоннаға дейін), ал героин сияқты қауіпті түрлерін тәркілеу 1,5 есеге (74,1 кг-нан 102 кг-ға дейін), «синтетиканы» – тиісінше 2 есеге (594 кг-нан 1,1 тоннаға дейін) өсті.

Есірткі бизнесі саласындағы ұйымдасқан 12 қылмыстық топтың (2022 ж. – 8), оның ішінде трансұлттық 4 (2022 ж. – 2) топтың қызметі тоқтатылды.

81 (2022 ж. – 68) есірткі зертханасы жойылып, 1,1 мың бірліктен астам зертханалық жабдық пен 100 тонна прекурсор тәркіленді, сол арқылы 10 тоннаға жуық синтетикалық есірткі өндірісінің жолы кесілді.

Есірткіні жарнамалау мен насихаттауды қамтитын 6,5 мыңнан астам ақпараттандыру объектісінің жұмысы тоқтатылды.

Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ИМ) денсаулық сақтау және білім беру органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, 10773 профилактикалық іс-шара, үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп 1161, еріктілермен – 17842, мектептерде – 5144, ЖОО-да – 3271 профилактикалық іс-шара өткізді. Аудиторияны жалпы қамту 714 мыңнан астам адамды құрады.

Қазіргі уақытта есірткі қылмысы толығымен дерлік крипто-әмияндар, мессенджерлер және басқа да тәсілдер белсенді пайдаланылатын кибер-кеңістікке өтті.

Осыған байланысты «Киберқадағалау» және «Аймас» жүйелері енгізілді, олардың көмегімен анықталған есірткі сайттары бұғатталады (2023 жылы 3 мыңнан астам интернет-ресурс бұғатталды).

Президенттің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын (Президенттің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген) іске асыру үшін өткен жылы Нашәқорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) қабылданды, ол есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл, нашәқорлықтың профилактикасы, есірткіге тәуелділерді емдеу және оңалту, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру жөніндегі шаралар кешенін қамтиды.

Кешенді жоспардың негізгі іс-шараларынан мыналар іске асырылды:

ғарыштық мониторинг арқылы егілетін қарасораны өсірудің 265 орны анықталды, алынған деректерді зерттелетін аумаққа спутник арқылы мониторинг және талдау жүргізу үшін жасанды интеллектті қолдана отырып пайдалану жоспарлануда;

Нашәқорлықтың профилактикасы жөніндегі медиа-жоспар әзірленіп, іске асырылуда;

Қазақстанның бастамасы бойынша Еуразиялық экономикалық одақ кеңістігінде Бақыланатын тауарлар тізбесіне синтетика өндіру үшін пайдаланылатын жаңа 14 зат (конструкторлар) қосылды. Енді олардың барлығына жұмыс істеудің рұқсат беру тәртібі енгізілді;

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (*бұдан әрі – ҰҚШҰ*) форматында штабын Алматы қаласында орналастыра отырып, «Канал» операциясы өткізілді (*2023 жылғы 11-15 қыркүйек аралығында*).

Операция барысында ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің аумағында 2,5 тоннадан астам есірткі, оның ішінде 1 тоннадан астам «синтетика» мен «апиындар» тәркіленді.

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимылға тартылған мемлекеттік органдардың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін 2023 жылы (*Кешенді жоспарды іске асыру шеңберінде*):

есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшелері үшін Интернеттегі құқыққа қайшы контентті анықтауға арналған 21 аппараттық-бағдарламалық кешен;

Мемлекеттік шекараны нығайту үшін шекаралық бақылаудың тексеріп-қарау жабдықтары мен техникалық құралдары, радиомониторинг құралдары, дайындығын қамтамасыз ете отырып, қызметтік иттер;

Әділет министрлігінің Сот сараптамасы органдарын жарақтандыру үшін жоғары дәлдіктегі функционалдық жабдық сатып алынды.

Денсаулық сақтау саласында мынадай жұмыс атқарылды:

Астана қаласында, Қостанай, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында психикалық денсаулық орталықтарын заманауи жабдықтармен қамтамасыз ете отырып, жоспарлы жаңғырту және күрделі жөндеу жұмыстары жүзеге асырылды;

Шымкент қаласында, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қызылорда және Ұлытау облыстарында емдеу-еңбек шеберханалары бар медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшелерін ашу үшін жер учаскелері бөлінді;

Алматы қаласында, Абай, Ақмола, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар және Түркістан облыстарында бейінді мекемелердің медицина мамандарын оқыту, даярлау және олардың біліктілігін арттыру ұйымдастырылды.

Бұдан басқа, жергілікті атқарушы органдар нашақорлықтың профилактикасына, есірткіге қарсы мінез-құлықты қалыптастыруға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шараларды қаржыландыруды қамтамасыз етті (*әдістемелік құралдар сатып алу, ақпараттық баннерлер орнату, жарнамаланатын есірткі атаулары бар жазуларды жою, акциялар мен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, т.б.*).

Бүгінгі күні психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдану салдарынан психикалық, мінез-құлық бұзылыстары бар адамдар үшін 15 медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшесі (*бұдан әрі – МӨО*) және 35 уақытша бейімдеу мен детоксикациялау орталығы жұмыс істейді. 2024 жылдың соңына дейін 5 МӨО бөлімшесін ашу жоспарлануда.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта прекурсорлар мен қатты әсер ететін заттардың заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті күшейтуді, есірткіні заңсыз өндіргені үшін жазаны қатаңдатуды көздейтін заңнамалық түзетулер Парламент Мәжілісінде қаралуда.

Осылайша, есірткі бизнесінің қарапайым тұтынушылардан бастап

ұйымдастырушылар мен ірі жеткізушілерге дейінгі бүкіл тізбегі құқықтық шеңбермен қамтылатын болады.

Нашақорлықтың профилактикасы және есірткі заттардың таралуына қарсы іс-қимыл мәселелері уәкілетті органдардың тұрақты бақылауында.

О. Бектенов

Орын: Қ.Б. Хасенов
Тел. 74-54-43

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДЗ-41 от 2 февраля 2024 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно вопросов противодействия распространению синтетических и других видов наркотиков, сообщая следующее.

В реализацию поручений Главы государства и с учетом складывающейся наркоситуации уполномоченными государственными органами принимается комплекс организационных и практических мер по борьбе с наркопреступностью и профилактике наркомании.

В рамках совершенствования антинаркотического законодательства реализовано следующее:

Правительство наделено компетенцией по утверждению списка подконтрольных наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров;

введены понятия «аналоги» и «заместители структурных элементов» в химических формулах наркотических средств и психотропных веществ;

к категориям тяжких и особо тяжких преступлений отнесены склонение к потреблению и сбыт наркотиков через Интернет;

в Уголовный кодекс введен новый состав преступления – реклама и пропаганда наркотиков, к чему также отнесены распространение «граффити-рисунков» и иной информации о незаконном обороте наркотиков;

синтетические наркотики приравнены к тяжелым видам веществ путем значительного снижения их криминальных размеров (с 50 грамм до 1 грамма), с которых наступает уголовная ответственность в случае хранения без цели сбыта.

Принимаемые меры способствовали улучшению результативности работы правоохранительных и специальных государственных органов практически по всем направлениям антинаркотической деятельности.

Так, в 2023 году выявляемость уголовных наркоправонарушений возросла на 8 % (с 6900 до 7520), в том числе наркопреступлений на 12 % (с 2781 до 3164), из них: фактов сбыта наркотиков на 11 % (с 1659 до 1883), их контрабанды на 31 % (с 233 до 338).

Объем изъятых веществ увеличился в 2,5 раза (*с 15,9 т до 41 т*), а таких опасных видов, как героин в полтора (*с 74,1 кг до 102 кг*) и «синтетика» – в 2 раза (*с 594 кг до 1,1 т*) соответственно.

Разобщена деятельность 12-ти организованных преступных группировок (2022 г. – 8) в сфере наркобизнеса, из которых 4 (2022 г. – 2) – транснациональные.

Ликвидирована 81 (68) нарколаборатория, с изъятием свыше 1,1 тыс. единиц лабораторного оборудования и 100 тонн прекурсоров, тем самым пресечено производство порядка 10 тонн синтетических наркотиков.

Приостановлена деятельность свыше 6,5 тыс. объектов информатизации, содержащих рекламу наркотиков и их пропаганду.

Министерством внутренних дел (*далее – МВД*) во взаимодействии с органами здравоохранения и образования проведено 10773 профилактических мероприятия, совместно с неправительственными организациями – 1161, волонтерами – 17842, в школах – 5144 и высших учебных заведениях – 3271. Общий охват аудитории составил свыше 714 тыс. человек.

В настоящее время наркопреступность практически полностью перешла в кибер-пространство, где активно используются крипто-кошельки, мессенджеры и другие способы.

В этой связи внедрены системы «Кибернадзор» и «Аймас», посредством которых блокируются выявленные наркосайты (*в 2023 г. заблокировано свыше 3 тыс. интернет-ресурсов*).

В реализацию предвыборной программы Президента Республики Казахстан «Справедливый Казахстан – для всех и для каждого. Сейчас и навсегда» (*утверждена Указом Президента от 26 ноября 2022 года № 2*) в прошлом году принят Комплексный план по борьбе с наркоманией и наркобизнесом на 2023 - 2025 годы (*далее – Комплексный план*), который включает в себя комплекс мер по противодействию наркопреступности, профилактике наркомании, лечению и реабилитации наркозависимых, а также материально-техническому оснащению уполномоченных государственных органов.

Из числа наиболее ключевых мероприятий Комплексного плана реализованы следующие:

посредством космического мониторинга выявлено 265 мест произрастания культивируемой конопли, полученные данные планируется использовать с применением искусственного интеллекта для проведения мониторинга и анализа исследуемой территории спутником;

разработан и реализуется медиа план по профилактике наркомании;

по инициативе Казахстана в перечень подконтрольных товаров на пространстве Евразийского экономического союза включено 14 новых веществ, используемых для производства синтетики (*конструкторы*). Теперь все они подлежат разрешительному порядку обращения;

в формате Организации Договора о коллективной безопасности (*далее – ОДКБ*) проведена операция «Канал» со штабом в г. Алматы (*с 11 по 15 сентября 2023 г.*).

В ходе операции на территории государств - членов ОДКБ изъято свыше 2,5 тонны наркотиков, в том числе более 1 тонны «синтетики» и «опиоидов».

Для укрепления материально-технической базы государственных органов, вовлеченных в противодействие наркопреступности, в 2023 году приобретено *(в рамках реализации Комплексного плана)*:

для подразделений по противодействию наркопреступности 21 аппаратно-программный комплекс, предназначенный для выявления противоправного контента в Интернете;

для укрепления Государственной границы досмотровое оборудование и технические средства пограничного контроля, средства радиомониторинга, служебные собаки с обеспечением их подготовки;

для оснащения органов судебных экспертиз Министерства юстиции высокоточное функциональное оборудование.

В сфере здравоохранения проделана следующая работа:

осуществлены плановая модернизация и капитальный ремонт центров психического здоровья с обеспечением их современным оборудованием в городе Астане, Костанайской, Кызылординской и Мангистауской областях;

выделены земельные участки для открытия отделений медико-социальной реабилитации с лечебно-трудовыми мастерскими в городе Шымкенте, Актюбинской, Атырауской, Восточно-Казахстанской, Кызылординской областях и области Ұлытау;

организованы обучение, подготовка и повышение квалификации медицинских специалистов профильных учреждений в городе Алматы, области Абай, Акмолинской, Западно-Казахстанской, Мангистауской, Павлодарской и Туркестанской областях.

Кроме этого, местными исполнительными органами обеспечено финансирование мероприятий, направленных на профилактику наркомании, формирование антинаркотического поведения и пропаганду здорового образа жизни *(приобретение методических пособий, установка информационных баннеров, удаление надписей с рекламируемыми названиями наркотиков, организация и проведение акций и спортивных мероприятий и т.д.)*.

На сегодняшний день для лиц с психическими, поведенческими расстройствами вследствие употребления психоактивных веществ функционирует 15 отделений медико-социальной реабилитации *(далее – МСР)* и 35 центров временной адаптации и детоксикации. До конца 2024 года планируется открытие 5 отделений МСР.

Вместе с тем в настоящее время на рассмотрении Мажилиса Парламента находятся законодательные поправки, предусматривающие:

усиление ответственности за незаконный оборот прекурсоров и сильнодействующих веществ;

ужесточение наказания за незаконное производство наркотиков.

Таким образом, правовым полем будет охвачена вся цепочка наркобизнеса от рядовых потребителей до организаторов и крупных поставщиков.

Вопросы профилактики наркомании и противодействия распространению

наркотических средств находятся на постоянном контроле уполномоченных органов.

О. Бектенов

Исп. Хасенов К.Б.
Тел. 74-54-43